**АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ И РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО РЫНКА**

**на проведение банковских и иных операций и деятельности на рынке ценных бумаг**

# ЛИЦЕНЗИЯ

**Номер лицензии № 1.2.199/93/31** **Дата выдачи 20 сентября 2022 года**

**Акционерное общество «Bereke Bank»**

Настоящая лицензия дает право:
**на проведение банковских операций (в национальной и/или иностранной валюте):**
прием депозитов, открытие и ведение банковских счетов юридических лиц;
прием депозитов, открытие и ведение банковских счетов физических лиц;
открытие и ведение корреспондентских счетов банков и организаций, осуществляющих отдельные виды банковских операций;
открытие и ведение металлических счетов физических и юридических лиц, на которых отражается физическое количество аффинированных драгоценных металлов и монет из драгоценных металлов, принадлежащих данному лицу;
кассовые операции: прием и выдача наличных денег, включая их размен, обмен, пересчет, сортировку, упаковку и хранение;
переводные операции: выполнение поручений физических и юридических лиц по платежам и переводам денег;
учетные операции: учет (дисконт) векселей и иных долговых обязательств физических и юридических лиц;
банковские заемные операции: предоставление кредитов в денежной форме на условиях платности, срочности и возвратности;
обменные операции с иностранной валютой, включая обменные операции с наличной иностранной валютой;
инкассация банкнот, монет и ценностей;
прием на инкассо платежных документов (за исключением векселей);
открытие (выставление) и подтверждение аккредитива и исполнение обязательств по нему;
выдача банковских гарантий, предусматривающих исполнение в денежной форме;
выдача банковских поручительств и иных обязательств за третьих лиц, предусматривающих исполнение в денежной форме;
**на проведение иных операций, предусмотренных банковским законодательством Республики Казахстан (в национальной и (или) иностранной валюте):**
покупка, прием в залог, учет, хранение и продажа аффинированных драгоценных металлов (золота, серебра, платины, металлов платиновой группы) в слитках, монет из драгоценных металлов;
операции с векселями: принятие векселей на инкассо, предоставление услуг по оплате векселя плательщиком, а также оплата домицилированных векселей, акцепт векселей в порядке посредничества;
осуществление лизинговой деятельности;
выпуск собственных ценных бумаг (за исключением акций);
факторинговые операции: приобретение прав требования платежа с покупателя товаров (работ, услуг) с принятием риска неплатежа;
форфейтинговые операции (форфетирование): оплата долгового обязательства покупателя товаров (работ, услуг) путем покупки векселя без оборота на продавца;
доверительные операции: управление деньгами, правами требования по банковским займам и аффинированными драгоценными металлами в интересах и по поручению доверителя;
сейфовые операции: услуги по хранению ценных бумаг, выпущенных в документарной форме, документов и ценностей клиентов, включая сдачу в аренду сейфовых ящиков, шкафов и помещений.
**на осуществление деятельности на рынке ценных бумаг:**
брокерская и дилерская деятельность на рынке ценных бумаг с правом ведения счетов клиентов в качестве номинального держателя;
кастодиальная деятельность.

Данные о лицензии, полученной впервые:
на проведение банковских и иных операций № 199 от 27 сентября 1993 года, выданная Национальным Банком Республики Казахстан;
на осуществление деятельности на рынке ценных бумаг:
№ 040110086 от 15 июля 1999 года, выданная Национальной комиссией Республики Казахстан по ценным бумагам.

М.П.

№ 0000425

**Заместитель Председателя** **О. Кизатов**

**город Алматы**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ АГЕНТТІГІ**

**банк операцияларын және өзге де операцияларды және бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүргізуге**

# ЛИЦЕНЗИЯ

**Лицензия нөмірі № 1.2.199/93/31** **Берілген күні 2022 жылғы 20 қыркүйек**

**«Bereke Bank» акционерлік қоғамы**

Осы лицензия мыналарды жүргізуге құқық береді:
**банк операцияларын (ұлттық және/немесе шетел валютасында) жүргізуге:**
депозиттерді қабылдау, заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;
депозиттерді қабылдау, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;
банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;
жеке және заңды тұлғалардың металл шоттарын ашу және жүргізу, оларда осы тұлғаға тиесілі тазартылған бағалы металдардың және бағалы металдардан жасалған монеталардың нақты саны көрсетіледі;
кассалық операциялар: қолма-қол ақшаны ұсақтауды, айырбастауды, қайта санауды, сұрыптауды, орауды және сақтауды қоса алғанда, оны қабылдау және беру;
аударым операциялары: жеке және заңды тұлғалардың ақша төлемі мен аударымы бойынша тапсырмаларын орындау;
есепке алу операциялары: жеке және заңды тұлғалардың вексельдері мен өзге де борышкерлік міндеттемелерін есепке алу (дисконт);
банктік қарыз операциялары: төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен ақшалай нысанда кредиттер беру;
қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын қоса алғанда, шетел валютасымен айырбастау операциялары;
банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау;
төлем құжаттарын (вексельдерді қоспағанда) инкассоға қабылдау;
аккредитив ашу (ұсыну) мен оны растау және ол бойынша міндеттемелерді орындау;
ақшалай нысанда орындау көзделетін банк кепілдіктерін беру;
үшінші тұлғалар үшін ақшалай нысанда орындау көзделетін банк кепілдемелерін және өзге де міндеттемелерді беру;
**Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды (ұлттық және (немесе) шетел валютасында) жүргізуге:**
тазартылған бағалы металдарды (алтын, күміс, платина, платина тобына жататын металдар) құйма күйінде, тазартылған бағалы металдардан жасалған монеталарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;
вексельдермен жасалатын операциялар: вексельдерді инкассоға қабылдау, төлемшілердің вексельдерді төлеуі жөнінде қызметтер көрсету, сондай-ақ делдалдық тәртібімен домицилденген вексельдерді, вексельдер акцептін төлеу;
лизинг қызметін жүзеге асыру;
өзінің бағалы қағаздарын (акцияларды қоспағанда) шығару;
факторингтік операциялар: тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушыдан төлемсіз тәуекел етіп қабылдай отырып, төлем жүргізуді талап ету құқығын алу;
форфейтингтік операциялар (форфетингтеу): тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушының қарыз міндеттемесін сатушыға айналым түспейтін жолмен вексель сатып алу арқылы төлеу;
сенімгерлік операциялар: сенімгердің мүддесіне және тапсырмасы бойынша ақшаны, банктік қарыздар және тазартылған бағалы металдар бойынша талап ету құқықтарын басқару;
сейфтік операциялар: сейфтік жәшіктерді, шкафтарды және бөлмелерді жалға беруді қоса алғанда, құжаттандырылған нысанда шығарылған бағалы қағаздарды, клиенттердің құжаттары мен құндылықтарын сақтау бойынша қызметтер.
**бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға:**
номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызмет;
кастодиандық қызмет.

Бірінші рет алған лицензия туралы деректер:
Банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге:
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген 1993 жылғы 27 қыркүйектегі № 199;
бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға:
Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық Комиссиясы берген 1999 жылғы 15 шілдедегі №040110086. М.О.

**Төрағаның орынбасары** **О. Қизатов**

**Алматы қаласы**

г. Алматы. БФ. Зак. № 550-07.